

№ 1 «26» 08 2025 ж.
Педсоветте қаралды



Бекіткен: М.Т. Бимагамбетова
Мектеп директоры м.а

Келісемін: С.Б. Биртаева
Әйтеке би ауданының білім
бөлімінің басшысы



Тақырыбы:

«Шахмат»

«Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар»

Сыныбы: 1а

Орындады: Атбагарова Г.А

Бастауыш сынып мұғалімі

ӘБ отырысында қаралды:  Еселова Г.О

ӘБ жетекшісі

№ 1 хаттама 26 күні 08 айы 2025 ж

Тексерілді  М.Т.Бимагамбетова

оқу ісін орынбасары

2025/2026 о.ж.

Түсінік хат

Қазіргі ақпараттандыру технологиясының кең дамыған кезінде оқушылар үлкен ауқымды ақпараттарды тез қабылдап, сараптап, логикалық қорытындылар жасай білулері керек. Логикалық және жүйелі ойлауды қалыптастыруда шахматтың алатын орны зор. Ол оқушылардың аз уақытта ойлдарын шоғырландыруына, туган жағдаятты сараптауға және шешім шығаруға үйретеді және алдына қойған мақсатына жетуге, төзімділікке тәрбиелейді.

Шахмат – екі тұлғаның көрнекі түрде сайысу түрі. Ол бізге адамның шығармашылық дәрежесін анықтауға қажет. Шахмат ойнаушының үнемі жетілуінен, жүйелі түрде дайындық сазаттарын жүргізуден кейін нәтиже күтуге болады. Сонымен қатар шахматты үйретудегі жаттықтырушының шығармашылық деңгейінің жоғары болуы қажет.

Бағдарлама:

Авторлық бағдарлама мемлекеттік стандартқа сүйене отырып жазылды. Осы бағдарлама сабақтан тыс білім беру жүйесінде шахматты үйрету жүйесі оқушылардың жеке қабілеттіліктерін айқындап, жетілдіре отырып оның тұлға ретінде жалпы жетілуі мен тәрбиесіне бағытталады.

Мақсаты:

Жеке тұлғаны жетілдіру қиын мәселе болғандықтан, шахматты үйретудің құрылымы мен мазмұны мақсатқа бағытталған мінез қалыптастыруға тәрбиелейді.

Міндеттері:

Оқушылардың логикалық ойлау әлемі мен бейнелеп ойлаудың сұлулығын бойлатып, қоршаған орта туралы елесін кеңейту.

Күтілетін нәтиже:

Жаттығу ойындарында, мектепішілік, аудандық шахмат сайыстарына қатысуында.

Аңдау хат:

Бағдарламаның өзектілігі мектептегі оқушыларға педагогика жағынан тәрбиелік мәні зор екендігі атап көрсетілді.

Бағдарламаның негізгі мақсаты:

Шахмат сабағы арқылы шығармашыл, дарынды жеке тұлға жетілдіруге жағдай жасау.

Міндеттері:

1. Шахматтың шығу тарихымен таныстыру, ойын ережелерін үйрету, оқушыларға шахмат ойыны туралы теориялық білім беру, сайыстар өткізу ережелерімен таныстыру..
2. Тұлғаның логикалық ойлауын, есте сақтауын, орнықтылығын жаңа басқа да жағымды қасиеттерін жетілдіру;
3. Айналасына ұқыптылықпен қарау, жеке қасиеттерін жетілдіруге ұмтылдыру, өзін тәртіпке салуға тәрбиелеу, еріктілік қасиеттерін жетілдіруге және өзін өзі бағалай білуге

Бағдарламаның нәтижесі мен қорытындысы:

1. Әр жеке тұлға өзіндік ерекшеліктерін көрсете біледі, басқада қырынан ашыла біледі. Әрі төзімдік, шыдамдылық сол сияқты рухани адами қасиеттерін дамыта түседі.
2. Жарыс кезінде ешқандай тәртіп бұзылмайды. Оқушылардың пәнді игеруімен қатар ұжымда жұмыстана білуі қалыптасады.

№	Мазмұны	Сағат саны	Уақыты	Күтілетін нәтиже
1	Шахмат ойыны туралы түсінік	1	05:09	Оқушылар шахмат ойыны туралы түсінік алады
2	Шахмат ойынының тарихы	1	12:09	Шахмат ойынының тарихымен танысу.
3	Әлем, Қазақстан чемпиондары	1	19:09	Нұсқаулармен танысып, есте сақтайды
4	Шахмат ойынының мақсаты	1	26:09	Ерекшеліктерін түсінеді. Екі түрлі-түсті шаршыларды пайдаланып, шахмат тақтасының бөлігін құру
5	Шахмат ойынының негізгі ережелерімен танысу	1	03:10	Стратегиялар мен тактикаларды түсінеді Ережелермен танысып, ұғынады
6	Аттың жүрісі	1	10:10	Негізгі принциптерін біледі
7	Тұраның (ладья) жүрісі	1	17:10	Жүрістерді үйренеді.
8	Уәзірдің (ферзінің) жүрісі	1	24:10	Жүрістерді үйренеді.
9	Шахмат тақтасы, шахмат нотациясы.	1	07:11	Шахмат тақтасында солдан оңға қарай жүретін сегіз қатар бар екенін және оларды көлденеңдер де аталатынын біледі.
10	Партияның кезеңдері	1	14:11	Партияның кезеңдерімен танысу.
11	Пілдің жүрісі	1	21:11	Піл дойбыдағы би секілді жүреді: көлденеңнен қиғашы бойынша қанша шақпаң жүргісі келсе, сонша жүре алатынын үйренеді.
12	Пешканың жүрісі	1	28:11	Пешканың практикалық қиыстыру жүрістерін анықтай алады.
13	Ойын басындағы тастардың бастапқы жайғасымы, орналастыру тәртібі.	1	05:12	Ойын басындағы тастардың бастапқы жайғасымы, орналастыру тәртібін үйренеді.
14	Шахмат фигураларының дұрыс атауы.	1	12:12	Шахмат фигураларының дұрыс атауын біледі.
15	Пешканың өзі түстес фигураға айналуы.	1	19:12	Комбинацияларды біледі
16	Шах беру	1	26:12	Көп вариантты комбинацияларды үйренеді
17	Шартты белгілер. Шахмат жүрістерін оқу, жазу тәртібі.	1	09:01	Теориясымен танысады
18	Пат және тең ойын	1	16:01	Негізгі бастамасын біледі
19	Алғашқы партиялар	1	23:01	Ойынды меңгереді
20	Қызықтыру және көңілін басқа	1	30:01	Ойынды меңгереді

	жаққа аудару.			
21	Кеңістікті босату.	1	13:02	Ойынды меңгереді
22	Қайта жабу.	1	20:02	Ойынды меңгереді
23	Екі еселенген соққы	1	27:02	Ойынды меңгереді
24	Байлап қою	1	06:03	Ойынды меңгереді
25	Ферзь гамбиті	1	13:03	Ферзь гамбитімен танысады.
26	Жолды жауып тастау	1	03:04	Ережелеімен танысады
27- 28	Күрделі комбинациялар	1	10:04	Тартыстарды біледі
29	Өтпелі пешка	1	17:04	Тартыстарды біледі
30	Айырбастау	1	24:04	Айырбастау себебін түсінеді.
31	Қорғанатын баспана және мост құру.	1	08:05	Қорғанатын баспана және мост құруды үйренеді.
32	Позициялық ойын	1	15:05	Позициялық ойындарды үйренеді.
33	«Ер жүрек» атты І шахматтық турнир	1	22:05	Сайысқа түсіп өз өнерін көрсетеді.
34	Қорытындылау	1		

ҚОРЫТЫНДЫ.

Шахмат үйірмесіне оқушылар өте белсенді, ерекше қызығушылықпен қатысуда.

Үйірмеге қатысушылардың логикалық ойлауы, есте сақтауы, басқа жағынды қасиеттері жетіледі.

Ойын-бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет іспетті. Ол міндетті түрде екі адамның қатынасуымен іске асады. Қай жеңгені жеңімпаз болса, біреуі жеңіліс табуы тиіс. Ойынның ережелерін оқушылар сақтай отырып, ойнаушылар арасындағы қиынды ой қабілетінің дамуы, бір-біріне деген сыйластық қажеттіліктерімен саналуы әр ойыншының жеке әрекеттерінен туындайды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен саналып, бір-біріне деген сенімдерін арттырады.

Өзіне, айналасына және қарсыласына ұқыптылықпен сынмен қарайды. Бұл бағдарламаны игеру барысында оқушылардың пәнді игерумен қатар ұжымда жұмыстана білуге қалыптасады.

Оқушылард

Қорыта келгенде, біздің ойымызша, бала тәрбиесіндегі ойынның түрлері, соның ішінде логикалық ойлау қабілеттерін дамытатын шахмат ойыны – бұл адамның мінез-құлқын өзі басқару мен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдайлар негіздегі іс- әрекеттің бір түрі болып саналады.

Сондықтан, адам баласының дүние танымы кеңейеді, сөздік қоры, ойлау қоры дамиды, білім сауаттылығы математика, логика пәндеріне көп септігін тигізеді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сухин И. Г. «Тек кішкентайларға арналған шахмат» ата-аналар мен балалардың бірігіп оқуына арналған ертегі кітаптар. – Москва, 2013ж.
2. Селиванов А.В. Яков Владимировтың гроссмейстердің таңдаулы тапсырмалар жинағы.
3. Дэвид Притчард. «Үйренушілерге арналған шахмат оқулығы».
4. Алдабергенов А. Қозғалмалы ойындар. “Бастауыш мектеп”, 2014, №11.
5. Бержанов К. , Мусин С. Педагогика тарихы. Алматы. “Мектеп”,
6. Бүркітбаев Ә. «Спорттың ұлттық түрлері мен оның тәрбиелік мәні».
7. Бүркітбаев Ә. «Қазақтың ат спорты». Алматы. 2013ж
8. Қапбасов М.И. «Шахмат мектебі» Көкшетау 2015ж
9. Б. Түйетаев. Д.Мыңбай «Шахмат әлеміне саяхат»
10. Б. Түйетаев. Д.Мыңбай «Шахмат әлеміне саяхат» Алматы. 2014ж
11. Ж.Мүтәліпов «Ұлы шахмат тақтасы» Алматы 2013ж